

«Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» МКҚК

Колледж әдістемелік кеңесінің
отырысында талқыланды және бекітілді
(хаттама) _____ 2024 ж.)

Колледж басшысы
И.Е. Нурадинов



**КӘСІПТІК ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАКТИКИ**

Баутино ауылы. 2024 жыл.

1 ЕРЕЖЕ **КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ** **ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Осы кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 5-бабының 46-11 тармақшасына, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Қағидалар теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді алуға, сондай-ақ инновациялық технологияларды игеруге бағытталған оқытудың барлық мерзімі ішінде білім алушылардың кәсіптік практикаларын ұйымдастыру және өткізу бойынша оқу орнының ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қызметін регламенттейді.
- 1.3. Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламаларына және оқу (таныстыру), өндірістік (технологиялық) және диплом алдындағы жұмыс оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.
- 1.4. Кәсіптік практиканың әрбір түрінің максаттары, міндеттері мен бағдарламасы болады, соның негізінде кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалады.
- 1.5. Оқу орны білім алушылардың кәсіптік практикасы туралы колледжішілік құжаттарды оның әрбір түрі бойынша дербес әзірлейді.

2 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2. 1. Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.
2. 2. Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу өту мерзімдері, базасы және практика жетекшісі көрсетіле отырып, колледж директорының бұйрығымен ресімделеді.
2. 3. Білім алушыға осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама беріледі.
2. 4. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.
2. 5. Кәсіптік практика бағдарламасы практика базасы ретінде айқындалған кәсіпорындармен (мекемелермен, ұйымдармен) келісіледі және оқу орнының басшысы бекітеді.
2. 6. Кәсіптік практика бағдарламасы өз мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика объектісінің сипатын көрсетеді. Кәсіби тәжірибе бағдарламасы мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практика негізінде қолданылатын инновациялық технологияларды көрсетеді. Кәсіптік практика бағдарламасын жаңарту және қайта бекіту тетігін оқу орны айқындайды.
2. 7. Оқу орнының сырттай оқу нысанының білім алушылары мамандығы бойынша жұмыс істеген жағдайда оқу және өндірістік (технологиялық) практикадан босатылады. Бұл жағдайда олар оқу орнына жұмыс орнынан анықтама және олардың кәсіби қызметін көрсететін мінездеме ұсынады. Сырттай оқу бөлімінің білім алушылары диплом алдындағы практика бағдарламасын орындайды.
2. 8. Колледж білім алушылары кәсіптік практиканың әрбір түрінің қорытындысы бойынша практика жетекшісі тексеретін есеп ұсынады. Колледжде өндірістік практика есебін қорғау нәтижелері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – бұйрық) сәйкес сараланған бағалары бар сынақтармен бағаланады.

3 ҰЙЫМДЫ КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін база ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.
- 3.2. Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен Заңның 5-бабының 24-тармақшасына сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған шарттың үлгілік нысаны негізінде жасалған, кәсіптік практиканың түрін көрсете отырып, кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт жасалады.
- 3.3. Техникалық және кәсіптік оқу орындары білім алушыларының кәсіптік практика базаларымен шарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.
- 3.4. Шартта кәсіптік практика базасы болып табылатын оқу орнының, кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.
- 3.5. Кәсіптік практиканы өткізу үшін оқу орны практика базасымен келісілген бағдарламаны, күнтізбелік кестелерді, кәсіптік практикадан өтудің оқу-тәрбие процесінің кестесін бекітеді. Кәсіптік практикадан өтуге жіберілген кезде білім алушыға кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі, кәсіптік практикадан өту туралы күнделік - есеп беріледі.
- 3.6. Кәсіптік практиканың әрбір түрі бойынша білім алушыларға оқу орнының және кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) – практика базасының басшылары тағайындалады. Қажет болған жағдайда консультанттар тағайындалады.
- 3.7. Басшылардың функцияларын, міндеттері мен жауапкершілігін оқу орны және келісім бойынша практика базасы – кәсіпорын (мекеме, ұйым) дербес айқындайды.
- 3.8. Кәсіптік практикаға арналған шығындарды практика базасы болып табылатын оқу орны мен кәсіпорын (мекеме, ұйым) жоспарлайды және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шартпен айқындалады.
- 3.9. Өндірістік қажеттілік кезінде білім алушы-практиканттар белгілі бір лауазымдарға уақытша жұмысқа олардың еңбегіне ақы төлене отырып қабылданады.
- 3.10. Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін оның бағдарламасына сәйкес орындар береді және білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.
- 3.11. Практика базасы – ұйым 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушылармен болған жазатайым оқиғалар үшін толық жауапты болады.

4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
 - 2) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
 - 3) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;
 - 4) іскерлік хат-хабарды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу;
 - 5) еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.
- 4.2. Оқу практикасы барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі.
- 4.3. Нақты пән саласының ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігіне байланысты оқу практикасының танысу, экскурсиялық, маршруттық және басқа да нысандары пайдаланылады.
- 4.4. Оқу практикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу

орындарында болашақ кәсіптік қызмет объектілері болып табылатын ұйымдарға таныстыру экскурсияларымен өткізіледі.

4.5. Оқу практикасы осы мамандық бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын арнайы ПЦК-ға, директордың өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарына бекітіледі.

4.6. Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді.

4.7. Оқу практикасы мамандыққа байланысты өндірістік оқыту (техникалық бойынша) және оқу процесін жалғастыру (кәсіпорындардағы таныстыру практикасы және басқалары) түрінде жүзеге асырылады.

4.8. Оқу практикасы оқу пәндерін зерделеудің жалғасы болып табылатын жағдайда оны өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді жүргізетін оқытушылар жүргізеді. Оқу пәндерінің жалғасы болып табылатын оқу практикалық сабақтарының тізбесін пәндік-циклдық комиссиялар айқындайды және оқу орнының басшысы бекітеді.

4.9. Оқу практикалық сабақтарының әдістемелік және материалдық дайындығын өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді жүргізетін арнайы пәндер оқытушылары жүзеге асырады.

4.10. Мамандыққа байланысты оқу практикасы оқу және оқу - өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу-тәжірибелік учаскелерде және оқу орнының басқа да оқу-көмекші объектілерінде жүргізіледі, сондай-ақ кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде (дуальды оқыту кезінде) өткізіледі.

4.11. Оқу практикасын өткізу кезінде оқу тобын "тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес кіші топтарға бөлу ұсынылады.

4.12. Оқу практикасында, оқу орнының оқу - көмекші объектілерінде білім алушылардың жұмыс күнінің ұзақтығы жұмыс туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), жасына және өндіріс жағдайларына байланысты қызметкерлердің тиісті санаттары үшін 6 сағатты құрайды. Оқу практикасын аяқтағаннан кейін білім алушыларға практика кезеңіндегі оның жұмысын ағымдағы бақылау негізінде баға қойылады.

4.13. Білім алушылардың оқу практикасы бағдарламаларын орындауын есепке алу нысаны заңның 5-бабының 23) тармақшасына сәйкес бекітілген өндірістік оқытуды есепке алу журналында тіркеледі.

4.14. Технологиялық практиканың негізгі міндеттері (мамандық бейіні бойынша) :

1) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) білім алушыларды болашақ кәсіби қызметімен тікелей таныстыру;

2) білім алушылардың мамандық бойынша бастапқы біліктер мен дағдыларды игеруі;

3) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) нақты кәсіптік қызметті орындау және зерделеу негізінде арнайы пәндерді зерделеу кезінде алынған білімді бекіту, тереңдету және жүйелеу;

4) кәсіби ойлауды дамыту, өндірісте кәсіби қызметтің практикалық дағдысын және іскерлігін дағдыландыру.

4.15. Технологиялық практика (мамандық бейіні бойынша) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), сондай-ақ оқу орындарының оқу-өндірістік және оқу шаруашылықтарында жүргізіледі.

4.16. Технологиялық практика аяқталғаннан кейін мамандықтардың бағыты мен күрделілігіне байланысты тиісті кәсіптік біліктілікті растау және алу үшін емтихан жұмыстарын орындау түрінде аралық аттестаттау жүргізу көзделеді.

4.17. Мамандықтардың бағыттары бойынша емтихан жұмыстарын орындау үшін құрамына ұйымның (кәсіпорынның, мекеменің) және оқу орындарының өкілдері кіретін біліктілік комиссиялары ұйымдастырылады.

4.18. Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізілген деңгейі (разряды, сыныбы, санаты) беріледі.

4.19. Технологиялық практиканың қорытындылары бойынша осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практика бағдарламасының орындалуы туралы жазбаша есепті және кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есепті тапсыру, сондай-ақ практикадан өту орнынан ұсынылатын біліктілік деңгейін көрсете отырып, өндірістік сипаттаманы ұсыну көзделеді.

4.20. Технологиялық практиканы орындау нәтижелерін бағалау практиканың басшысы ұйымнан (кәсіпорыннан, мекемеден) жасаған өндірістік мінездемені ескере отырып, білім алушылармен әңгімелесу негізінде айқындалады.

4.21. Білім алушылардың технологиялық және өндірістік (диплом алдындағы) практика бағдарламаларын орындауын есепке алу осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практика бағдарламасын орындау туралы жазбаша есепте және білім алушылардың кәсіптік практикадан өткені туралы күнделік-есепінде тіркеледі.

4.22. Өндірістік практика барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі, 1-2 курстан бастап мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау бейініне байланысты білім алушыларды бітіргенге дейін ұйымдастырылады.

4.23. Өндірістік практика оның мазмұнына қарай ПЦК-ға, нәтижелері өндірістік практиканың осы түрінің объектілері болып табылатын теориялық оқытуды жүргізетін жауапты тұлғаға бекітіледі.

4.24. Өңірлік ерекшеліктерге сәйкес мамандықтар топтары бойынша білім алушылардың өндірістік практикасы, оның ішінде "техникалық ғылымдар мен технологиялар" дуальды оқыту жүйесінің қағидаттарын ескереді.

4.25. Өндірістік практика бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіптік маңызды дағдыларды дамытуға және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

4.26. Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері:

1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және қорыту;

2) дипломалды зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректер мен практикалық материалдарды талдау;

3) дипломдық жұмыстың (жобаның немесе есептің) тақырыбы бойынша тұжырымдарды, заңдылықтарды, ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті ресімдеу.

4.27. Диплом алдындағы практика барлық мамандықтардың білім алушылары үшін бітіру курсына өткізіледі, олар жеке жоспарға сәйкес дипломдық жұмыс (жоба) үшін тапсырмаларды және есепті орындайды.

4.28. Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті дайындау және жазу үшін білім беру бағдарламасында диплом алдындағы практика көзделеді.

4.29. Диплом алдындағы практикаға басшылықты, әдетте, дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі не мамандықтың (біліктіліктің) ерекшелігін және практика базаларының қызметін жақсы білетін тәжірибелі оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады.


4.30. Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мамандықтың күрделілігіне және көзделген біліктілік деңгейіне байланысты айқындалады.

4.31. Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбымен айқындалады.

4.32. Диплом алдындағы практиканың қорытындылары дипломдық жұмысты (жобаны) немесе ЦК не директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары ұйымдастыратын есепті шығарылады.

Дайындаған:

Басшының ОӨЖЖ орынбасары



А. С. Сұлтанғали